

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ
8D023 – Тілдер және әдебиет бағытында «6D020500 - Филология» (8D02303
Филология) мамандығы бойынша диссертациялық кеңестің 2021 жылғы
жұмысы туралы

ЕСЕБІ

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ жанындағы 8D023 – Тілдер және әдебиет бағытында «6D020500 - Филология» (8D02303 Филология) мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертациялар қорғауға арналған диссертациялық кеңес

Жалпы мәліметтер

Диссертациялық кеңес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы от 10 сәуірдегі № 148 бұйрығына сәйкес 3 жыл мерзімге құрылған.

Диссертациялық кеңес құрамы Alikhan Bokeikhan University ректорының 2021 жылғы 27 мамырдағы №50 бұйрығымен бекітілген:

1. ф.ғ.д., профессор Еспенбетов А.С.
2. ф.ғ.д. Әбікенова Г.Т.
3. ф.ғ.к. Төлебаева Қ.Т.

Диссертациялық кеңестің төрағасы – ф.ғ.д., профессор Еспенбетов А.С.
Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы – ф.ғ.к. Төлебаева Қ.Т.

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер

Есеп беріліп отырған мерзімде диссертациялық кеңесте 6D020500 «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін диссертацияларды қорғауға қабылдап алу және диссертацияларды қорғату бойынша 4 отырыс өткізілді

2. Өткізілген отырыстар санының жартысынан кеміне қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты.

Өткізілген отырыстар санының жартысынан кеміне қатысқан кеңес мүшесі болған жоқ. Диссертациялық кеңес мүшелері барлық отырыстарға толық қатысты.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

Есеп беріліп отырған мерзімде диссертациялық кеңесте 6D020500 «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша диссертация қорғалды:

- 1 Мүрсәлім Гүлнұр Оразбекқызы – Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті қазіргі Alikhan Bokeikhan University
- 2 Садықова Раиса Төлеуқызы - Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті қазіргі Alikhan Bokeikhan University

4. Есептік жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға белгіленген бөлімдер бойынша қысқаша талдау

№	Докторанттың Т.А.Ә.	Диссертацияның тақырыбы	Ғылыми кеңесшілері	Ресми рецензенттері
	Мүрсәлім Гүлнұр Оразбекқызы	«Бүгінгі поэзиядағы мифологиялық сарындар» (Т.Әбдікәкімұлы, Ұ.Есдәулет, Ж.Әскербекқызы лирикасы негізінде)	Қасқабасов Сейіт Асқарұлы – филология ғылымдарының докторы, академик, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері; Миннегулов Хатип Юсупович – филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан Федералды университеті (Ресей, Татарстан Республикасы)	Ержанова С.Б., филология ғылымдарының докторы, Эл Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының профессоры Байтанасова Қ.М., филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры
	Садықова Раиса Төлеуқызы	«Семейдегі Алаш әдеби ортасы және Халел Ғаббасұлы мұрасы: шығармашылық ықпалдастық»	Дихан Қамзабекұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ. Миннегулов Хатип	Жүсіпов Нартай Қуандықұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор, «Торайғыров университеті» КЕ АҚ (Павлодар қ.);

			Юсупович – филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан Федералды университеті (Ресей, Татарстан Республикасы).	Картаева Айжан Маратбекқызы, филология ғылымдарының докторы, профессор, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті (Өскемен қ.).
--	--	--	---	---

4.1 Қаралған диссертациялардың тақырыптарына талдау

1. Мүрсәлім Гүлнұр Оразбекқызының «Бүгінгі поэзиядағы мифологиялық сарындар» (Т.Әбдікәкімұлы, Ұ.Есдәулет, Ж.Әскербекқызы лирикасы негізінде) атты диссертациясының тақырыбы бүгінгі әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселелердің біріне арналған. Шығыс Қазақстан өңірінде туған, бүгінде поэзия саласында өзіндік қолтаңбасы бар танымал ақындар Т.Әбдікәкімұлы, Ұ.Есдәулет, Ж.Әскербекқызының шығармашылық мәтінмәндегі (контекст) мифтік образдар мен сюжеттерді терең тану үшін, осы аймақтың тарихына топонимика поэзиясы арқылы қарастыруға арналған. Зерттеу жұмысында ресейлік және шетелдік мифтанушы ғалымдардың тұжырымдары бойынша өзіндік әдістерімен ерекшеленетін мектептердің бағыттары жіктеліп көрсетіледі. Мифологиялық әдебиеттануда тақырыптағы мифтік модельдерді іздеуде ең алдымен оның рөлі мен мағынасына мән беріледі. Әдеби мәтін көздері адамзаттық ой-сананың бастапқы, негізгі элементтерінің көрсеткіші ретінде кең көлемді тарихи-мәдени контекстін айқындауға бағыт-бағдар нұсқайды. Бүгінгі поэзиядағы мифопоэтиканы зерттеудегі базалық нысан «миф» пен «архетип», топонимикалық сакральді атаулар, тотемдік кие мен қасиет және т.б. культтік ұғымдар ұлттық кодты тануға үлкен мүмкіндік береді.

2. Садыкова Раиса Төлеуқызының «Семейдегі Алаш әдеби ортасы және Халел Ғаббасұлы мұрасы: шығармашылық ықпалдастық» атты диссертациясында Халел Ғаббасұлының Алаш азаттығы жолындағы күрескерлік қызметі мен әдеби көсемсөздік мұрасының ұлт тарихы мен әдебиетіндегі алар орнын дәйектеледі. Халел Ғаббасұлының әдеби-көсемсөздік еңбектері негізінде Алаш қозғалысы көшбасшыларының демократиялық принциптері мен көсемсөз ережелерін жүзеге асыру ерекшеліктері қарастырылды. Халел Ғаббасұлының қоғамдық-саяси және публицистикалық қызметін зерттей отырып, Алаш қозғалысының өкілдері мен көшбасшыларының қазақ қоғамындағы ұлттық бірлікті қалыптастыру және нығайту жөніндегі публицистикасының өзекті идеяларын айқындау,

олардың қазіргі Тәуелсіз Қазақстанның демократиялық принциптерімен үндестігін айқындайды.

Алаш қозғалысының рухани бастауларын қалыптастырып, қазақ қоғамында азаттық идеяларының пайда болуындағы халықтың азаматтық сана-сезімін оятуға және Алаш көшбасшылары тұлғасында саяси қозғалысты жандандыруға ықпал еткен ағарту және білім беру арқылы халықты жетілдіру жолдарын іздеудегі Абай әдеби ортасының рөлін айқындап, Халел Ғаббасұлы ғұмырбаянының белгісіз беттерін зерттеп, қайраткердің күрескерлік өмірі мен идеялық ұстанымын қалыптастыруда маңызды рөл атқарған өмірлік деректерді зерттейді, қайраткер көсемсөзшінің жеке ғұмыры мен қоғамдық-саяси қызметінің Семейлік кезеңін жан-жақты қарастырады,

4.2 Диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңының 18- бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы

1. Мүрсәлім Гүлнұр Оразбекқызының «Бүгінгі поэзиядағы мифологиялық сарындар» (Т.Әбдікәкімұлы, Ұ.Есдәулет, Ж.Әскербекқызы лирикасы негізінде) атты диссертациясы әдебиеттану ғылымының даму бағыттарына сәйкес келеді және Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың 7 қыры» бағдарламалық мақалаларының мақсаттарын шешуді көздейді.

2. Садықова Раиса Төлеуқызының «Семейдегі Алаш әдеби ортасы және Халел Ғаббасұлы мұрасы: шығармашылық ықпалдастық» атты диссертациясы Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді: 7) «Білім мен ғылым саласындағы зерттеулер»; 8) «Әлеуметтік - гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер»

4.3 Диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау

1. Мүрсәлім Гүлнұр Оразбекқызының «Бүгінгі поэзиядағы мифологиялық сарындар» (Т.Әбдікәкімұлы, Ұ.Есдәулет, Ж.Әскербекқызы лирикасы негізінде) атты диссертациясында алынған нәтижелерін жоғары оқу орындарының әдебиет пәні бойынша қазіргі қазақ әдебиеті курстарында, өлең теориясы мен практикасы, халық ауыз әдебиеті, фольклористика пәндері курстарында берілетін дәрістерге қолдануға болады. Зерттеу Қазақстанның Шығыс өңірінде туған ақындарының шығармашылығынан бастау алуы, кең байтақ Қазақстанның барлық аймақтарындағы мифтік-сакральді жерлерді топономикалық поэзия арқылы тануға мұрындық болады деп санаймыз

2. Садықова Раиса Төлеуқызының «Семейдегі Алаш әдеби ортасы және Халел Ғаббасұлы мұрасы: шығармашылық ықпалдастық» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмыста шешімін тапқан негізгі тұжырымдар мен нәтижелері қазақ әдебиеті мен публицистикасы тарихына қатысты зерттеу жұмыстары мен теориялық ізденістер барысында, ЖОО жалпы және

арнайы оқу бағдарламаларын дайындауда, «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті», «Сын тарихы», «Қазақ публицистикасының тарихы», «Отандық тарих» сияқты пәндерде көмекші құрал ретінде қолдануға болады.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып)

1. Мүрсәлім Гүлнұр Оразбекқызының «Бүгінгі поэзиядағы мифологиялық сарындар» (Т.Әбдікәкімұлы, Ұ.Есдәулет, Ж.Әскербекқызы лирикасы негізінде) атты диссертациясына диссертациялық кеңес тарапынан ұсынылған рецензенттер - Ержанова С.Б., филология ғылымдарының докторы, Әл Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры, мамандығы: 10.01.02 – Қазақ әдебиеті.

Байтанасова Қ.М., филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры, мамандығы мамандығы: 10.01.02 – Қазақ әдебиеті. Рецензенттер ұсынылған диссертациялық жұмысқа негізді сын-пікірлерін білдіріп, PhD докторант тарапынан жасалған ғылыми-зерттеу жұмысы ЖОО талаптарына сай, ғылыми деңгейі жоғары және тәжірбиелік қолданыста кеңінен қолдану мүмкіншілігі бар екендігін көрсетеді.

2. Садықова Раиса Төлеуқызының «Семейдегі Алаш әдеби ортасы және Халел Ғаббасұлы мұрасы: шығармашылық ықпалдастық» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысына диссертациялық кеңес тарапынан ұсынылған рецензенттер:

Жүсіпов Нартай Қуандықұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор, «Торайғыров университеті» КЕ АҚ, мамандығы: 10.01.09 – Фольклортану.

Картаева Айжан Маратбекқызы, филология ғылымдарының докторы, профессор, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, мамандығы: 10.01.02 – Қазақ әдебиеті. Ресми рецензенттер зерттеу жұмысының өте жоғары деңгейде орындалғанына баса назар аударып, болашақта ғылымға қосылған тың зерттеулер қатарын толықтыратындығын атап өтті. Рецензиялар талаптарға сәйкес келеді, онда диссертацияның барлық артықшылықтары көрсетіліп, дұрыс ескертпелер жасалған.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

Ғылыми зерттеу жұмыстары нәтижелерін Қазақстандағы Рухани жаңғыру міндеттерін орындауға бағыттау;

Ғылыми кадрларды дайындауда ғылыми-зерттеу нәтижелерінің жариялану деңгейін арттыру.



7. 6D020500 - Филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесіне ізденушілердің қаралған диссертациялары туралы деректер.

1. Қорғауға қабылданған диссертациялар (Оның ішінде басқа жоғары оқу орындарынан) – 2

(Басқа жоғары оқу орындарынан – 0)

2. Қорғаудан алынып тасталған диссертациялар – 0

- Оның ішінде диссертациялық кеңестің алып тастағандары – 0
3. Рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (Оның ішінде басқа жоғары оқу орындарынан) – 0
(Басқа жоғары оқу орындарынан – 0)
4. Рецензенттерден теріс пікір алғандар алғандары – 0
(Басқа жоғары оқу орындарынан – 0)
5. Қорғау қорытындысы бойынша теріс шешім алғандары – 0
(Оның ішінде басқа жоғары оқу орындарынан – 0)
6. Аяқтауға жіберілген диссертациялардың жалпы саны – 0
(Оның ішінде басқа оқу орындарынан – 0)
7. Қайта қорғауға жіберілген диссертациялар саны – 0
(Оның ішінде басқа жоғары оқу орындарынан – 0)

Диссертациялық кеңес төрағасы  Еспенбетов А.С.
Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы  Төлебаева Қ.Т.

«10» қаңтар 2022 жыл

Қолын аястаймын / Удостоверяю подпись
Еспенбетов А.С.
Төлебаева Қ.Т.
КАДР БӨЛІМІ
10 01 2022 жыл.

Инспектор
Токенова

